



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИСКУССТВ

ШАБЫТ

айлық журналы
ежемесячный журнал
№12 (12) 20.03.2015



ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН ҚАУЫМ!!!

Күн мен түн теңелетін, Табиғат-Ана тамылжып қақаған қыстың құрсауынан тіршілік атаулысы оянатын, жер мен көк жаңаратын мезгіл Өз-Наурызға да келіп жеттік. Көктің тынысын тыңдап, жердің тамырын басқан, тұрмыс-тіршілігін Табиғат-Анамен тығыз байланыстырған халқымыз Наурызды жаңару мен жасампаздықтың бастауы, ырыс пен берекенің арқауы деп бағалаған. Осы айтулы мерекемізге орай еліміздің түкпір-түкпірінде мәдени шаралар ұйымдастырылып, ұлттық өнеріміздің туы көкке желбіреп тұрғаны жасырын емес. Сондай айтулы жаңалықтар легінің бірнешеуін басылым бетінен оқи аласыздар. Олай болса, «Шабыт» журналы ұжымының атынан баршаңызға жаңа жетістіктер, молшылық пен татаулық тілейміз. Еліміз тыныш, туған жер аман болып, әр отбасында шат көңіл, береке салтанат құрсын!

Құрметпен, журналдың бас редакторы
Гүлім КӨПБАЙҚЫЗЫ

Ағалар алқасы:

«Шабыт» журналының негізін қалаған:

Сығай Ә. Т. - Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, профессор

Мұсаходжаева А. Қ. - Қазақстанның халық артисі, профессор

Дүйсекеев К. Д. - Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

Мейрамов Т. У. - Қазақстанның халық артисі, профессор

Мұқанова Р. Қ. - Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

Нөгербек Б. Р. - Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор

Юсупова А. К. - өнертану кандидаты

Редакция мүшелері:

Бас редактор: Гүлім Көпбайқызы

Редактор: Камила Габдрашитова

Тілшілер: Қуат Ежембек

Мирас Әбіл

Нұрислам Абдил

Александра Поршнева

Евгений Лумпов

Амина Габдрашитова

Дизайнер: Ахат Азтай

Фототілші: Досжан Аяған

Редакцияның мекен жайы:

Байланыс телефоны: +77756282848, +77751393919

Редакциялық басылым бөлімі

Мекен жайымыз: Астана қаласы, Тәуелсіздік даңғылы 50, 2 кабат №237 а

E-mail: shabyt_zhurnal@mail.ru

МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ

Қ. Ежембек	4	ҚУЫРШАҚ ҒҰМЫР
Н. Ақшолова	7	ОПЕРАТОР – КИНО ӨНЕРІНДЕ ӨТЕ МАҢЫЗДЫ МАМАН
А. Айтжан	10	ЕСТЕ ҚАЛҒАН ЕС – АҰМАҚ
Х. Хасамбай	12	УЛАНҒАН САНА
Қ. Елубаева	13	ТЕМЕКІ ШЕГУ – ТЕКСІЗДІК
Қ. Бактияр	15	ҚУЫРШАҚ ТЕАТРЫНЫҢ АКТЕРІМІЗ
Ж. Дәуіт	16	БЕС ЖҰЛДЫЗ
	18	ӨНЕР КӨКЖИЕГІ
	19	В КРУГУ ШАБЫТА
А. Баемирова	22	ART GALLERY
А. Абылханова	24	НУЖНО УМЕТЬ ГОВОРИТЬ ПРАВДУ О СОВРЕМЕННОСТИ...
Ж. Рсмаганбетова, Э. Хайдарова	26	«АБАЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ» В КОСТАНАЕ ПОД ШКВАЛЬНЫМ НАТУСКОМ ВОПРОСОВ, УЛИ ОЛИМПИАДА У МУЗЫКОВЕДОВ
Д. Исенова	28	ЗАПУСКИ ИСКУССТВОВЕДА

Қуыршақ өмірі



Қуыршақ болып қуанып, қуыршақ болып мұң шағып, қуыршақ болып күлімдеп мехнаты мол өнер әлеміне толықтай енген талант жайында толғам-тұжырымдарды қағаз бетінен қашық ұстау, театртану маманы мен сыншы қауымның аты мен затына дақ түсірер жайт деп біліңіз! Қашан да кішкентай көрерменді парасат кеңістігіне жетелеуге ат салысар театрларымыздың жоғын жоқтап, барын түгендеуден кер мінез танытпайтын Құралай Халекетқызымен арадағы рухани ұстаздық хәм шәкіртік, сондай-ақ шығармашылық байланыс ерекше екпінмен орнаған-ды.

Қайсыбір түні кірпік ілместен мақала қамымен таң атырып, өн бойымды ретке келтірместен елордамыздағы Қазақ ұлттық өнер университетіне студенттердің уақытша тұрағы жатақханадан төте жеткізер жолмен турасынан тартып, өзіміздің деканатқа кіріп бардым. Сол жерден жаны жайсаң тәлімгер, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, марқұм Әшірбек Сығай мен Қазақстанның еңбек сіңірген артисі жылы жүзді Құралай Ешмұратова табыла кетті. Сарабал сыншы мен қуыршақ театрының белді режиссері өзара өнер тақырыбының айналасында сыр шертісіп отырғанға ұқсады, оқиға үстінде. Әуелі амандық-саулық сұрасқаннан кейін әңгіменің реті таған қарай ауысты. Әш ағамыз сәл езу тартып: «Қу аға, (солай еркелететін) толқындай бұйра шаштарың бұрынғыдан бетер бұйралана түскеніне қарағанда, үлкен шаруа тыңдырғансың-ау» - деп қалжыңға басты. Мен, ағымнан жарыла жазғанымды бір тексертіп алу мақсатымен келгенімді айтып бақтым. Еңбек еткен адамның еңсесін әсте төмендетпейтін, көңілін күпті қылмайтын Ә. Сығайдың сол арада көзі жайнап сала берді. Содан, көп уақыт талап етілместен тілдесуіміз одан әрі жүйелі түрде жалғасын тапты. Аздан соң: «Астана қалалық Мемлекеттік қуыршақ театрына пьеса жазу керек. Сол істі саған жүктесем деген ойға келдім» - деп сөз саптады талантты режиссер Құралай Ешмұратова. Осындай тосыннан келген жағдайға қандай жауап қайтаратынымды білместен, шамалы кідіріктеп қалдым. Себебі, драматургия жанры өте күрделі. Ол – кісіге ләззат сыйлап қана қоймай, жөн сілтеуі қажет. Небәрі бір-бір жарым сағат көлемінде бүтіндей бас-аяғы бар оқиғаны қамтып, оны көрерменге жеткізу жеңіл тимейді. Оның үстіне бала психологиясын жетік игерместен, қуыршақ театрының сахнасына арнап пьеса тудыру, тіптен қиынның қиыны болмақ. Бұл тұсы маған таңсық емес еді. Сондықтан да, іштей тылсым арпалыс әрекеттері басталған... Осы жағын үнсіз ұғынса керек-ті. Құралай Халекетқызы: «Пьеса жазу сенің қолыңнан келеді. Оған күмән келтірмеймін. Мен де аянып қалмай көмектесермін» – деп кеудеме үміт отын түтетті. Несі бар?! Сенім артылғасын артық сұрақ болмағаны дұрыс әр жолы. Тәуекелдікке бел байлап, тапсырманы мүлтіксіз орындауды құба-құп алуды жігіттің жоғары қасиетіне балап, мақұл көргенмін әлгі кезде.



Мінекей, алғыр ұйымдастырушы, талантты режиссермен өнер төңірігенде үлкенді-кішілі болып етене араластық негізі осылайша ілтипат, құрмет, түсінушілікпен орнаған. Өркез көңілі мәрт, қуыршаққа деген сезімі асау толқындай тулаған Қ. Ешмұратова әлдеқашан ел назарында. Бүгінде қазақ қуыршақ театрын ол кісісіз елестету әділетсіз болары еді. Өйткені, оның ғұмырының басым бөлігі сол бағытқа негізделген. Көрнекті режиссер қуыршақ театрын кәсіби деғейін көтеруде де алдына жан салмай келеді.

Иә, қуыршақты кәдуілгі тірі жандай көріп, оны мәпелеп, арда тұту үшін өзің де сәбидей сергелденсіз, баладай ғажайыптарға сенгіш болуың шарт. Пейілің әппақ арай ақиқаттан тұрмаса, онда бәрін де бекер, зая деңіз... Қазіргі техниканың қарыштап, телеарналарда небір берекетсіз шоулардың өрістеп бара жатқан кезеңінде, жасөспірімдерді қуыршақ өнеріне баулу арқаға тың ауыртпашылықтарды артады. Тек жүрек лүпілі кіршіксіз соғып тұрған пенде ғана сондай сүреңсіз тірліктің келеңсіздіктерінен жасымай алға қарай адымдай бермек. «Саф өнер бықсық, арам ойлардантумайтынын» ескерсек, аталмыш принциптерді ұстанушылардың бірі де бірегейі – қуыршақ театр саласы! Ендеше, табиғатынан балбөбектей балғын қасиеттерге ие, ақжарқын адам – Ешмұратова Құралай Халекетқызы деп ұғыңыз!!!

Оның шығармашылығын қай қырынан келін мұқият саралайтын болсаңыз да, мыңдаған үлгі-өнеге алар едіңіз. 1967 жылы Құрманғазы атындағы консерваторияны тәмамдап, қазақтың тұңғыш кәсіби режиссері, КСРО халық артисі Асқар Тоқпанөвтың төлімін бойына жинап, актер мамандығының құпиялары мен нәзік иірімдерін жан-жақтылы санасына сіңірсе де, машахаты өз алдына бір төбе шаһарында түбегейлі жүру, бетегеден жоғары, жусаннан аласа режиссердің маңдайына жазылмағаны байқалады. Мәселен, оқуды бітірген соң М. Әуезов атындағы академиялық драма театрын жағалап көреді. Алайда, киелі қара шаңырақ астында қызмет жасау түгілі, алуан себептердің салдарынан маңайына жолаудың өзі оған мүмкін болмады. Қалай да өнер айдынынан алшақтай түспеу мақсатын нысана еткен Қ. Ешмұратова Алматы қаласындағы балалар мен жасөспірімдер театрында (қазіргі Ф. Мүсірепов атындағы балалар мен жасөспірімдер театры) жұмыс атқарған жайы бар. Дегенмен де, онда да көп тұрақтай қоймады. Кейінірек жазмыштың қалауымен оңтүстік астанамыздағы қуыршақ театрының өнер ұжымының қатарына қосыла барған.

Рас, уақыт өзі безбендеуші, сараптаушы, іріктеуші, таразылаушы екеі дау тудырмайды. Кім біледі?! Қ. Халекетқызы сол бір ағынды жылдары





тарихы сан қатпарлы аталған өнер ордасына қызмет бабымен ауыспаған күнде, жалпылама қуыршақ театрының хәлі нендей күйде болар еді?! Бұл жағын жәй ғана елестетудің өзі, түн ұйқысын ұрлатады...

Алаңсыз, албырт, отты да желігі басылмаған жастық шағынан бастап қойылымдарды сән құрған сахна төріне шығарған Құралай Ешмұратова ұлы халқымызға есімдері етене таныс Л. Хамиди, Н. Тілендиев сынды қабілетті де зерек, талапты да талапшыл композиторлармен шығармашылық қарым-қатынаста бола білді. Сондай асқан дарындардың септігімен бүршік жарып, көрерменге ұсынылған: «Алыптардың алыбы», «Арыстанның әлегі» атты спектакльдерді ешкім де ұмыта қоймас, сірә. Осы тәріздес қойылымдар алқалы жұрт тарапынан үлкен алғысқа оранса да, Қ. Ешмұратова мақтаулардың буына ерік берместен, кейін Мәскеу қаласына барып, КСРО халық артисі, Социалистік еңбек ері, қуыршақ өнерін құлай сүйген актер әрі режиссер Сергей Образцовтың арнайы шеберханасынан дәріс алған. Сол бір өнерге құштар байырғы қалып, қарқынмен елге келісімен әрмен қарай қоғам игілігі үшін тапжылмай қызмет істеді.

Түкте жасырын емес. Қазақ қуыршақ театры жаңа белес көкжиегіне көтеріліп, қыр асуына Қ. Халекетқызының төккен тері ұшан-теңіз. Нағыз жанашыр жан, ұлт театрын республикалық фестивальдерге қатысуымен ғана шектемей, қазақ қуыршақ өнерін әлемдік деңгейде де таныта алды. Мысалы, «Қаңбақ шал» қойылымымен (Авторы А. Исмаилов. Толықтырып, қазіргі нұсқасын жасаған Қ. Ешмұратова) Иран, Франция, Жапония, Чехословакия мемлекеттерінде өткен өнер додаларына қатысып, жүлделі орындармен қанжығасын майлап, биіктерден көрінді. Мұндай жетістіктерге тоқмейілісімейтіп режиссер адамның еңбекқорлығының нәтижесінде, осы күнде елордалық бүлдіршіндер де қуыршақ театр өнерінің балдай нәрімен сусындап келеді. Шын мәнінде, Астана қалалық Мемлекеттік қуыршақ театрының ашылуына тікелей Қ. Ешмұратованың қатысы бар. Көрнекті режиссер қолдау жоқ деп жігерін күм қылмастан, күндіз-түні тынбай арпалысып, күйзеле жүріп дегеніне жетті. Қуыршақ театры ғимаратсыз жетімсіреген шақтарда да морт кетпеуі, ұнжырғасын түсірмеуі оның жауапкершілігінің, мамандағына деген махаббаттының, іскерлігінің белгісіндей. Бүгінде бұл театрдың хал-ахуалы оңалған...

Иә, Қазақстанның еңбек сіңірген артисі, «Халықтар достығы», «Құрмет белгісі» «Ерен еңбегі үшін» ордендері мен медалінің иегері, ҚазҰӨУ-нің профессоры Құралай Ешмұратова қатулы қағидаларды ұстануды жат көріп, замана талабына сай кішкентай көрерменнің ет-жүрегін елжіретер қойылымдарды дүниеге әкелуден де озық тұр. Қуыршақ өнерін «сәбидің ермегі» деп санамайтын режиссер әлі де толдым, болдымнан өзін аулақ ұстауда. Бала жанын тау суындай мөлдір десеңіз, Қ. Ешмұратова жанын да солай деп танығаныңыз абзал. Себебі, қуыршақ ғұмыры ғибратқа толы...

Қуат ЕЖЕМБЕК,
«Театртану» мамандығының 4 курс студенті
профессор Ә. Сығай шеберханасы

Оператор – кино өнерінде өте маңызды маман

Өнер ордамыздың қабырғасында күніге бірді қойып, бірнеше шара ұйымдастырылатыны ұстаздар мен студенттерге етене мәлім. Осындай мағыналы да мәнді, әрі қызықты бас қосудың бірі «Операторлық өнер» мамандығы бойынша тәлім алып жатқан 2 курс студенттерінің жұмыстарын тамашалау болды. Олардың түсірген қысқаметражды шығармаларының негізгі мақсаты – кино түсіру жұмысындағы операторлық шеберлікті меңгеру ғана емес, кино әлемінің сан алуан қыр-сырына терең



бойлай білу. Техникамен, декорациямен, актерлік құраммен жұмыс жасай білу болашақ операторлардың біліктілігін арттырып, мол тәжірибе алып келері сөзсіз. Көрсетілімнің алдында курс жетекшісі **Мейрамбек Әбдікәрімов** студенттердің алдына қойылған талаптар турасында келген қонақтарға ақпарат бере кетті: *«Біз шәкірттер алдына болашақ жұмыстарының сценарийін жазып, композициямен, планмен және ракурстармен дұрыс жұмыс жасай білуді, жарықтың қызметі мен түстердің бір-біріне өзіндік үйлесімділігін ұтымды қолдана алуды басты мақсат етіп қойып, олардың жан-жақты ізденуі барысында бағыт-бағдар беріп отырдық»*. Осындай тапсырманың нәтижесінде студенттердің жұмыстарынан ішкі атмосфераны түрлі тәсілдермен беруге және операторлық техниканың қыр-сырын меңгеруге деген талпыныстары сезіліп тұрды. *«Мұндай тапсырма бірінші рет болғандықтан, соңына дейін студенттердің жұмыс процесін бақылауға алдық. Ұстазымыз марқұм Болат Қалиұлы оператордың жан-жақты болуы керектігін жиі айтатын еді. Ол режиссердің де, суретшінің де, тіпті, гримердің де жұмысын жетік меңгеруі тиіс деп үнемі құлағымызға құятын»* деді курстың екінші жетекшісі оператор **Еркінбек Птыралиев**.

Осыған орай, көрсетілімнің соңында курс жетекшілерімен кездесіп, болашақ өнерпаздардың тырнақалды еңбектері турасында бізді қызықтырған сауалдарды жолдаған едік. Соны назарларыңызға ұсынамыз.

- Студенттердің жұмыстары байқауларға жіберіліп тұра ма?

М.Ә.: Өлбетте, сәуірдің 8-10 аралығында Алматы қаласындағы Тұран университетінде өткен қысқаметражды фильмдер байқауында Ибашева Әсел 3 орынның игері атанды. Ал, Сейілова Жансәулем «Ерекше көзайым» жүлдесін жеңіп алды.

- Студенттеріңіздің операторлық мамандықты толық игеріп шығуы үшін не қажет?

Е.П.: Оператор – кино өнерінде өте маңызды маман. Өйткені, ол фильмнің бейнелеу қатарына толық жауапты. Олар жан-жақты білімді болуы тиіс, бейнелеу өнерінің тарихымен жақсы таныс болу операторлар мен фотографтар үшін өте қажет. Сондықтан, осы пәнді енгізу мәселесін көтеріп жүрміз. Сергей Урусевский, Витторио Стораро, Микеланжело Караваджо, өзіміздің ұстазымыз Болат Сүлеев т.б. сияқты әлем және қазақ киносының кез-келген белгілі операторларының шығармашылық жолына назар аударсаңыз, олардың ең алдымен бейнелеу өнерін жетік меңгеріп, зерттеп, сонан соң ғана операторлық өнерге келгеніне куә боламыз. Студенттерімізге қазақ және әлем киносының фильмдерін көрсетіп, танымал режиссерлердің, операторлардың, суретшілердің,

актерлердің шығармашылығымен таныстырып отыруға тырысамыз. Осы ретте студенттеріміз нақты тапсырмалар алып, олардың орындалу нәтижелерін сабақ барысында талқылайды.

- Өздеріңіз қай операторлардың жұмыс істеу тәсілін ұстанып, соны студенттердің қабылдауына қаншалықты ықпал жасайсыздар?

М.Ә.: Біз студенттерімізге өзіміздің ұстазымыз Болат Қалиұлы Сүлеевтің ұстанған бағыты бойынша тәлім-тәрбие беріп, операторлық өнердің қыр-сырын жетік меңгеруге үйретіп жатырмыз. Ол кісі бізге әлем кинематографиясы мойындаған ВГИК-тің жүйесімен білім берді, біз де сол үрдісті жалғастырудамыз.

- Оператор болғысы келген адамның бойынан қандай қасиеттердің табылғаны дұрыс деп ойлайсыз?

Е.П.: Әрине, операторлық өнерге келетін адамның ең алдымен барынша қабілетті болғаны абзал. Өйткені, фильмнің дүниеге келуі тек бір ғана адаммен байланысты емес. Ол жерде режиссер мен оператордан бөлек, актер, суретші, композитор, жарық түсіруші т.б. сияқты қаншама мамандар жұмыс істейді. Екіншіден, әлем әдебиетінің, бейнелеу өнерінің, музыканың тарихын жақсы меңгергені жөн. Бір сөзбен айтқанда, жан-жақты әрі өте терең білімді болуы керек.

- Студенттеріңіздің жұмыстарына көңілдеріңіз толды ма?

М.Ә.: Студенттердің әрқайсысы өзінің білім деңгейіне, жинаған тәжірибесіне байланысты түсірді. Мысалы, Дәулеттің жұмысының ерекшелігі – фильмді басынан аяғына дейін бір кадрмен түсіріп шығуында. Ал, бұл онай шаруа емес, өйткені бұндай түсірілімде камераның қозғалысы да, жарықпен жұмыс жасауы да өзгеше болады.

Е.П.: Дәулет болашақ жұмысының сценарийін көрсеткенде-ақ, бірден бір кадрмен түсіріп шығамын деп шешті. Жұмысынан кәдуілгі кәсіби шеберлік байқалады. Ең бастысы, кадрдағы атмосфераны беруге талпынысы зор.



М.Ә.: Ал, Алинаның жұмысы туралы сөз болғанда сыншылар тарапынан: «Бұл спецэффект пе?» деген сұрақ болды. Ал, шындығына келгенде ол жерде ешқандай да спецэффект қолданылмаған. Бірақ, жарықпен өте сәтті жұмыс істеуінің нәтижесінде кадрда спецэффект қолданылған сияқты әсер қалдырды. Әсел өз фильмінде соғыс кезеңінің атмосферасын шынайы жеткізуде көп жұмыс жасады. Ал, бұндай тарихи уақыттың тынысын жеткізу қиынның қиыны. Өткен дәуірдегі адам және ол өмір сүрген заманның келбетін шынайы көрсету үшін сол уақыттың киім үлгісін, реквизиттерді, интерьердің әрбір детальын дұрыс таңдау барысында т.б. өте көп жұмыс істеген. Сондықтан, оның жұмысы әсерлі болып шықты.

Е.П.: Әселдің жұмысы фактурасымен ұтымды. Жансәлем екеуінің жарықты өшіріп, көк түспен сары түсті қолданғанын айта кеткім келеді. Ал, Болатбектің фильмінде баласының анасымен келіспей жатқан тұстарында қараңғылықпен атмосфераны бере алды деп ойлаймын. Досжанға тоқтала кетсек, үйсіз-күйсіз жүрген, тамағын қоқыс жәшіктерінен тауып жүрген кейіпкерін экранда бірден көрсетпейді. Камера қозғалысының балшық судан басталып, біртіндеп кейіпкеріне қарай ауысканы көңілімнен шықты. Студенттердің осындай детальдермен жұмыс істей білуіне басымырақ назар аударамыз.

М.Ә.: Жансауленің жұмысы мистикаға жақын. Олқы жерлері болғанымен, көрерменді сендіре алды деп

ойлаймын. Атмосферасында әлдебір суықтық сезіледі және көленкемен жасаған төсілі ұтымды шықты.

М.Ә.: Роман өзінің фильмін түсіруде ешқандай қосымша көмекші техника қолданған жоқ. Бүкіл жұмысын қолындағы камерамен түсіріп шықты. Оның жұмыс істеу тәсілін Витторио Сторароның стиліне ұқсас деп айтылды. Ол негізі үлкен жетістік.

Е.П.: Шынында да, Романның түсірілімдерінде динамика сезіледі және жарықпен батыл эксперимент жасады деп айтуға болады. Әрине, кемшіліктері болды, бірақ қойылған талабымызға сай берілген тапсырманы ойдағыдай алып шықты.

- Студенттер жұмыстарын қанша уақыт аралығында түсіріп шықты?

М.Ә.: Уақытқа шектеу қойған жоқпыз, сценарий жазуға, павильон дайындауға бір аптадай уақыт кетті. Ал, түсіру жұмысы шамамен үш-төрт күн ішінде жүзеге асырылды.

Сонымен, «Кино және ТД операторы» мамандығының 2-курс студенттері түсірген алғашқы жұмыстарының нәтижесі қаншалықты болғанына өз тарапымыздан қысқаша талдау жасалық:

«Уақыт» (Дәулет Рысқұлов) Фильмнің өзгешелігі – кадрды үзбей, ұзақ пландармен түсірілуінде болып отыр. Шыны бөтелкені жарықпен ойнату арқылы уақыттың өтуін көрсетіп, символды ұтымды пайдалана білген. Сюжеті түсінікті, айтар ойы терен бұл шығарманың «үяда не көрсен, үшқанда соны ілерсін» деген мақалдың мән-мағынасын астарлап, көрініспен жеткізе білуі – болашақ оператор тарапынан ұтымды тапқырлық болды.

«Қайта ораламын» (Әсел Ибашева) Қарапайымдылықты, бейбітшілікті сүйетін, махаббатты күтетін жастардың өмірін ойран-топан еткен сұрапыл соғысты бейнелеген мелодрамалық шығарма. Шығарманың ерекшелігі – ауыр тақырыпқа жүрексіңбей бара отырып, сол кездегі атмосфераны камера арқылы жақсы бере білуінде. Мизансценаның рөлі фильмнің бояуын қанық еткен. Өткен дәуірдегі адам мен заман келбетін, киім үлгісін, реквизит, интерьерін, сондай-ақ үйдің көрінісін тамаша суреттеп, кейіпкердің жан-күйзелісін көрерменге жеткізе білген.

«Еске алу» (Алина Өмірзақова) Алинаның жарықпен жақсы жұмыс жасай алғанын ерекше атап өткеніміз жөн болар. Балалық кезден естелік беретін жұмсақ ойыншығы арқылы өткенге көз жүгіртеді. Шығарманың өн-бойынан операторлық ізденісті байқауға болады. Жарықпен жұмыс істей білуінен, камера қозғалысынан Алинаның тәжірибесі баршылық екенін аңғаруға болады.

«Көлеңке» (Досжан Аяғанов) Фильмде аштық пен тоқтықты ұтымды салыстыра білген. Алайда, ұзаққа созылған бір сарынды көрініс көрерменді жалықтырып алады. Бұл, әрине сюжетіне қатысты мәселе. Алайда, Досжанның камерамен жұмыс істеуінде ерекшелік байқалады.

«Қонақ» (Роман Гусак) Сюжеті күрделі болса да, операторлық жұмыс істеу тәсілі ерекше көзге түседі. Жарық пен көлеңкені түрлі тәсілмен (мысалы, шам жарығы) ойната алғанына көңіл толады.

«Ана жүрегі» (Болатбек Мәліков) Ана бейнесі аса сенімді шықпағанымен, сюжеті жағынан көрерменді елең еткізеді. Жарық пен көлеңкені метафора етіп қолдана білгені ұтымды. Жарық – жарқын көңілдің, мейірімнің бейнесі болса, көлеңке – қиындықты, күйзелісті байқатады. Егер, автор болашақта бұл шығармамен әрі қарай жұмыс істеуін жалғастырса, тамаша туынды шығарына сенеміз.

«Изгнание» (Жансаулем Сеилова) Шығарма діни, мистикалық тақырыпты қозғаған. Көлеңке арқылы көрерменге үрей мен қорқынышты сездірсе, жарық арқылы үміт сыйлайды. Атмосфераны беруде операторлық шешім жақсы қолданылған. Актриса өзінің кейіпкерін жан-тәнімен түсінгені байқалады, әрине ол көрін отырған адамның экрандағы көрініске деген сенімін тудыратыныды да айқын.

Назгүл АҚШАЛОВА,

«Кинотану» мамандығының 1 курс студенті
доцент Н. Мұқышева шеберханасы

Естелі кешіес «Ес-аймақ»

- «Ес-аймақтың» күні ауысып кетіпті ғой?! – деп, сұрақтың астынан алды өнертану кафедрасының бір студенті.

- Иә, ауысты ғой... деп, күрсінді бірлестік мүшесі.

- Не үшін, қандай себеп?!

- Дәл сол күні университетімізде басқа бір «маңызды» шара өту керек екен...

- Ммм... «маңызды» деймісің... Сонда да нақ белгіленген күнді ауыстырып тастағандары қызық екен, сендердің жағдайларың не болды? студенттердің мүдделері қайда қалды?! – деп, ол да назын білдіріп қалды...

- Қайтеміз, солай болды... Көндігеміз ғой... – деп, өзінің соңынан ерген болашақ әріптесіне жылы көзбен «бәрі жақсы болар» деген ізгі оймен жүзіне ұзақ қарап қалды...

Иә, белгіленген күнінен сәл кейіндеу өтсе де, жоғары деңгейде ұйымдастырылып, ойдағыдай өткеніне барша қауым куә болды, ризашылықтарын білдіріп жатты. Біреулері нақты білсе, біреулері енді таңырқап айтып жатыр... Қазақ ұлттық өнер университеті қабырғасында «Ес-аймақ» мәдени-танымдық бірлестігінің кезекті отырысы өтті. Иә, әңгіменің төркіні осында жатыр. Бұл жолғы «Ес-аймақтың» төрінен елордамыздағы Қ. Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театрының белді артистері орын алды. Нақтырақ айтатын болсақ, театр және кино актері Қуандық Қыстықбаев, Ержан Нұрымбет және жас актер Жасұлан Ерболат. Осы артистер қауымын арнайы түрде қонақ етіп шақыруымыздың өзіндік бір себептері бар. Біріншіден, Халықаралық театр күні (27 наурыз Халықаралық театр күні) мерекесіне орай болса, екіншіден ұстазымыз Ө. Сығаймен бірлесе жазған «Қаллеки» театры атты кітаптың жарық көруіне орай. Неге десеңіздер, дәл осы еңбек артистердің қызмет атқаратын Қаллеки театры, жалпы шығармашылық ұжымы жайлы болатын...

«Ес-аймақтың» төрағасы әрі тұрақты жүргізушісі М. Әбіл кештің әлқиссасын осы «Қаллеки» театры кітабы жайынан бастады. Енді, ойымыздың арнасын кештің өтілу барысына бұрайық. Бұл жолғы кездесуіміз ерекше форматта өткенін баса айта кеткіміз келеді. Актерлер қауымын бір сыдырғы, таптаурынды сауалдармен зеріктіріп алмай, керісінше қиял кеңістіктерін, сөз қорларын, ой-өрістерін тексеріп, байқағымыз келгені шындық. Сол себепті қазіргі таңда ұмыт болып бара жатқан, қазақтың ұлттық «Тымпи» ойынын ұсындық. Ойынның тізгінін ұстаған Жанат Жайлыбай («кинетеледраматургия» мамандығының 3 курс студенті, бірлестік мүшесі) диттеген ойдан шығып,



ойынды қонақтар мен көрермендерге түсінікті түрде жеткізе білді. Ойын 3 сайыстан тұрды. Әр ойынның өз ерекшелігі һәм ережесі болатыны рас. Тымпидын басты шарты бойынша қатысушы актер ойын барысында еш эмоция білдірмей, яғни күлмей, жымимай тымпиып отыруы тиіс. Сахнадағы әріптесінің өнер көрсету барысында орынында отырған қатысушылар эмоция білдірмеулері шарт. Өйтпеген жағдайда-ақ, ереже бойынша баллы төмендеп отырады. Арнайы сол үшін, көз алмай бақылап отыратын сарапшы топ жасақталды. Сонымен, алғашқы кезең «Абитуриент». Бұл сайыста ойыншылар ұлттық оқу орынына тапсырушы талапкерлер болып бақтарын сынады. Әрине, емтихан қабылдап, оқуға түсу, түспеу мәселесін шешетін арнайы студенттерден құралған білікті профессорлар тобы құрылды. Түрлі жағдайлардағы қызықты тапсырмалар орындалды, тартымды өнер көрсетілді. Енідігі екінші сайыс, «Экрандағы - мен» деп аталды. Қатысушылар көгілдір экраннан жүріп жатқан кез келген сюжетке өзінің дыбыстау қабілеті арқылы қызықты оқиға құрулары тиіс болды. Әр ойыншыға, сайыс барысында 2 минут уақыт беріліп отырды. Осы бөлім тым әсерлі шықты. Артистер қауымының орайын тауып айтқан ойлары мен қағытпа қалжындары, әдемі әзілдері жиналған дүйім жұртты қыран-топан күлкіге қалдырды. Импровизация өнері жандарына қаншалықты жақын екендігін осы бір сайыста айқындай түсті. Соңғы «Сөз сардары» деп аталатын сайыста ортаға шыққан ойыншыға ұйымдастырушылар тарапынан кез келген оқиғаның басы әзірленді. Ойыншылар сол оқиғаны әрі қарай дамытулары тиіс. Және де, оқиғаны дамыту барысында экранда кез келген сөз көрсетіліп отырды. Сөз жазылған сөзді «Тымпи» төріндегі ойыншы оқиға желісіне қосып әзілдеп, күлкілі оқиға ойлап табуы шарт. Бұл да өз алдына ерекше бөлім болды. Барша көрермендер артистердің қиял әлемдеріне қаншалықты самғай алатындарын байқап, көре білді. Ойын соңында келген қонақтар арнайы алғыс хаттармен марапатталды.

Иә, бұл өз алдына ерекше кездесу болды. Әлі талай уақыт көп қауымның көкейінде сарнап тұрары хақ. Бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, тартынбай атсалысқан барша қауымға алғысымызды жетізгіміз келеді. Дегенмен де, студенттердің осындай кештерге белсене атсалысып, білек сыбана кірісіп жатқандарын көп байқай қоймаймыз. Бұл да болсын ойландыратын мәселе. Біле білсеңіздер, осындай шаралар Сіздер мен біздер үшін жасалып жатқан дүниелер... Әшірбек Төребайұлы «аманаттап» кеткен, үрдісті сақтап, алға жалғап, жалғастыру мына біздердің жауапты міндетіміз. Ендеше, әр ай сайын өтетін «Ес-аймаққа» өз үлестеріңізді қосуға асығыңыздар!!!

Арман АЙТЖАН,
«Театртану» мамандығының 4 курс студенті
профессор Ә. Сығай шеберханасы



Уланған сана

Мен ондай емес едім ғой?!

Неңдей мәселе қозғауыма болады? Жалпы, қолына қалам алып белгілі тақырыпта ой қозғайын десең, ой елегіне ештеңе келмей абдырап қалатын сәттер болып тұрады. Әсіресе, мен секілді жаңадан қалам тартып жүргендер үшін толыққанды еңбек жазу ұзақ уақыт пен толассыз еңбекті талап етеді. Бөлме тып-тыныш... басқа уақытта мазаны алмақ түгілі дыбысы естілмейтін қабырға сағаты дәл бүгін сырт-сырттап тыныштықта отырған ойымды ұрлайтын тәрізді. Орнынан жұлып алып лақтырып жіберсем бе екен, а? Жо-жоқ достарым ренжиді, өзім сатып алсам бір сәрі, бұл бөлмемізді таза ұстағанымыз үшін жатақхана әкімшілігінің сыйлығы, демек, бәріміздің еңбегіміз. Рас-ау, сағатты сыйлайтын адамды табармыз, бірақ уақыт сыйлайтын адам жоқ деп ойға шомып бара жатқаным сол еді, анау сағат құрғыр маған қасарысқандай тырсылы, тіпті үсті-үстіне үдеп бара жатқандай. Әр тырс-тырс соққан сағат тілі уақытыңның жақындап келе жатқаны жайлы дабыл соғып тұрғандай. Уақыттың демекші, сағаттың әр тырсылдағаны сайын жер бетінде қаншама адам өмірден өтіп, қаншама нәресте өмір есігін ашып жатыр екен?! Ашуы ашып жатыр-ау, бірақ олар атағы асқақ ақын бола ма?, ұлт емес ұйқыны ойлайтын шеңунік бола ма?, аузы аңқиып уақытын құр оздыра беретін көптің бірі бола ма? ол ешкімге беймәлім өрі қызық. Негізі қамшының сабындай қысқа ғұмырыңды құр босқа өткізуге болмас, тоқсанға келіп артына тоғыз сөз қалдырмай кетіп жатқан қарттар бар, қырыққа келіп қамал алмақ түгілі (қатын) алмаған еркектер бар, сонда олар өмірдің рахатын нәден, қайдан іздейді екен деген сауал келіп санамды мазалай бастады. Мысалы, қазір жастар ұялы телефондар арқылы қаншама өлеуметтік желілерде отырады. Құр диалог, құр әңгіме, бір сөзбен артық қажет емес ақпарттар легі, пайдасы аз дүниелер санасын улап жатыр. Ең бастысы, адамдардың бір-бірімен шүйіркелесіп әңгімелесуіне үлкен кері әсерін тигізуде. Баласына ақыл айтуға уақыт таппаса да, өлеуметтік желіде айтысуға уақыт тауып жүрміз, ештеңе тындыра алмасақ та, үйде жатып алып пікірлер жазып, біреуді қаралай қоюға өуес болып барамыз. Женгетайлықты желіге ауыстырғанымызбен қоймай, махаббат деген ұлықты ойды арзандаттық. Суретін көріп ғашық бола саламыз, кездесе саламыз, үйлене саламыз ажыраса салу да қиын емес бізге. Келіп көңіл сұрап, хал білуге бос жүрсек те уақытымыз жоқ. Қоңырау шалып немесе хат жаза саламыз, бөтен біреуге емес, ауылдағы анамызға да солай көңіл бөлеміз. Осы жағдай тасбауырлыққа әкеле жатқандай болып көрінеді, мүмкін тас бауыр болып кеткенде шығармыз? Басқасы басқа өзіме, өз қатарластарыма қатты жаным ашиды, қаншама салиқалы іс тындыратын уақытты желге ұшырамыз. Кітап оқымақ түгілі, кітап оқитындарға күлетін кездеріміз де бар. Құлаққап киіп алып, айналамызға назар аудармаймыз, көз бар болса да ештеңе көрмейміз, жөн сілтеген былай тұрсын, жөн сұраған адмдардың дауысын да естімейміз, құдды жау еліне жансыз болып келгендей. «Компьютерде отырытындарды ертең, кітап оқитындар басқарады» демеп пе еді бір сөзіңде елбасы. Иә, ғылыми техниканың дамыған заманында техниканы менгергенің артықшылық емес, тек сол менгергенінді пайдалы істерге пайдалан деп, ақылгөйсін өз ішімнен жариясыз ақыл-кеңес айттым. Бірақ, кімге? Мен негізі телефоным жоқ кезде ондай емес едім ғой? Бір істі бастаймын, бастасам аяқтамай жата кетемін, кейінге қалдыра саламын. Неге дейсіздер ғой, себебі желкеге мінген жалқаулық, өлеуметтік желіде көп жатқанның жемісі. Бүгінгі жазатын мақаламның негізгі өзегі ешкім кері қайтара алмайтын, тәңірдің бізге берген сыйы, құнын көпшілік кеш түсінетін «Уақыт» деген тақырыпқа қалам тартқым келген. Алайда, аздап демалып алғаным жөн болар. Дегенмен, мен ондай емес едім ғой...

Хакім ХАСАМБАЙ,

«Театртану» мамандығының I курс студенті
ө.ғ. докторы Б. Нұрпейіс шеберханасы

Темекі шегу – тексіздік
(шылым шегетін студент жігіттің монологы)

Сен, сен қандай құдірет иесісің? Сен басқалар сияқты емессің... Ешқандай айла-шарғысыз, карусыз-ақ өзіңе ынтықтырып, баурап аласың. Күндіз де, түнде де сені аңсаймын. Әлдекімдер сені көргеннен-ақ жиіркенуі мүмкін. Бірақ, сен мен үшін тылсым бір күш іспеттессің. Сен қасымнан табылмай қалсаң, сені аласұрып іздеймін. Сені өбкенде қандай сезімге бөлетінімді білсең ғой. Өзіңе қолым жеткенде... бар қайғымды ұмытып, басқа бір әлемге еніп кеткендей боламын. Сенің иісіңе әлемдегі ең таңдаулы әтірлердің иісі тең келмейді. Себебі, сен – менің қаныма еніп, бар күш-жігерімді өзіңе бағындырып алған – темекісің.

Мен сен туралы көп нәрсе білемін. Ішкен асымды қорытуды, тыныс алу жолдарымды тежейтіндігіңнен де хабардармын. Ұйқымды бұзып, теріме әжім түсіріп, көңілсіздікке ұшыратының аздай, жүрек ауруларына, көмекей және өкпе обырына әкелесің, ғұмыр жасымды азайтасың. Соншалықты зияндарыңды біле тұра, сені неге шегетінім қызық шығар, иә? Онымды өзім де түсінбеймін. Кейде, дүкенге сені сатып алу үшін кіргенде, қорабыңның сыртындағы суреттерді көргенде, дежем тітіркеніп, бір сәтке ойланып қалатыным да рас. Бірақ, санамдағы ол ойды саған деген күштарлық жеңіп кетеді. Қояйың-ақ деймін, алайда жанымдағы достарым шегіп тұрғанда, әсіресе, шылым шегуге бөлінген орынның қасынан өткенде, иісіңді сезіп, қалай тұтатып қойғанымды байқамай қаламын. Соныңмен, сен құдіреттісің...

Оқу ордамызда шылым шегуге арналған орын бар. Қай жерде дейсің ғой? Тура асхананың қасында. Тамақтанғасын жедел сатының көмегімен сабаққа бара жатқанда, міндетті түрде көзіңе түседі, иісі мұрынды жарады. Ол иісті сезгеннен-ақ мұрындарың жауып, осы ортадан кетуге асығатындар да бар. Алайда, бұл орта мен үшін өте жылы әрі жайлы. Бұл орынның басқа жерлерден артықшылығы – аудиторияда отырғанда бағыт сілтеуші-профессор мен ізденуші-студент болып отырған біздер тең дәрежедегі адамдар боламыз. Бастапқы кезде кішкене қымсынатыным да. Кейін үйреніп кеттім. Кейде, дәлізде көргенде сұлулығымен баурап алған қыздармен танысуға батылым жетпей қалып жататыны да жасырын емес. Дегенмен, сол қыздарды осы орыннан көргенде еркін таныса аламын. Өкінішке орай, сол қыздарды аталған орыннан көргенде сезімім қалай суып кеткенін байқамай да қалатын болыппын. «Неге?» деген сұрақ біраз уақыт жанымға маза бермей қойғаны рас. Ұзақ уақыт өткен соң, мен көкейімдегі бұл сұраққа жауап таптым. Қыз – нәзік жаратылыс. Оның үстінен гүлдің иісі немесе басқа да бір әтірдің иісі аңқуы керек. Шылымның иісі емес! Қыздар да соны ұқса, түсінсе екен. Олар келешек ұрпаққа өмір сыйлайтын, бір үйдің түтінін түтететін аяулы жар, ардақты аналар емес пе?!

Менің достарымның арасында, сенің атыңды естігеннен-ақ тітіркенетін жандар бар. Олардың айтуынша, ұстазыңмен бір жерде шылым шегу – жиіркенішті жағдай. Және де еліміздің ертеңі үшін мен шылымнан бас тартуым керек екен. Мен оны түсінемін, ұғамын. Бәлкім, сен біржолата бас тартып, қоғамымыз сендей қауіпті дерттен айығар күн келер. Сол күн келсе, мені де темекіден бас тартқан екен деп топшылаңдар. Бірақ, ол күнді көп күтетін түрім бар...

Қымбат ЕЛУБАЕВА,
«Театртану» мамандығының 1 курс студенті
ө.ғ. докторы Б. Нұрпейіс шеберханасы

Уланған сана

Мен ондай емес едім ғой?!

Неңдей мәселе қозғауыма болады? Жалпы, қолыңа қалам алып белгілі тақырыпта ой қозғайын десең, ой елегіне ештеңе келмей абдырап қалатын сәттер болып тұрады. Әсіресе, мен секілді жаңадан қалам тартып жүргендер үшін толыққанды еңбек жазу ұзақ уақыт пен толассыз еңбекті талап етеді. Бөлме тып-тыныш... басқа уақытта мазаны алмақ түгілі дыбысы естілмейтін қабырға сағаты дәл бүгін сырт-сырттап тыныштықта отырған ойымды ұрлайтын тәрізді. Орнынан жұлып алып лақтырып жіберсем бе екен, а? Жо-жоқ достарым ренжиді, өзім сатып алсам бір сәрі, бұл бөлмемізді таза ұстағанымыз үшін жатақхана әкімшілігінің сыйлығы, демек, бәріміздің еңбегіміз. Рас-ау, сағатты сыйлайтын адамды табармыз, бірақ уақыт сыйлайтын адам жоқ деп ойға шомып бара жатқаным сол еді, анау сағат құрғыр маған қасарысқандай тырсылы, тіпті үсті-үстіне үдеп бара жатқандай. Әр тырс-тырс соққан сағат тілі уақытыңның жақындап келе жатқаны жайлы дабыл соғып тұрғандай. Уақыттың демекші, сағаттың әр тырсылдағаны сайын жер бетінде қаншама адам өмірден өтіп, қаншама нәресте өмір есігін ашып жатыр екен?! Ашуы ашып жатыр-ау, бірақ олар атағы асқақ ақын бола ма?, ұлт емес ұйқыны ойлайтын шеңунік бола ма?, аузы аңқиып уақытын күр оздыра беретін көптің бірі бола ма? ол ешкімге беймәлім әрі қызық. Негізі қамшының сабындай қысқа ғұмырыңды күр босқа өткізуге болмас, тоқсанға келіп артына тоғыз сөз қалдырмай кетіп жатқан қарттар бар, қырыққа келіп қамал алмақ түгілі (қатын) алмаған еркектер бар, сонда олар өмірдің рахатын неден, қайдан іздейді екен деген сауал келіп санамды мазалай бастады. Мысалы, қазір жастар ұялы телефондар арқылы қаншама әлеуметтік желілерде отырады. Күр диалог, күр әңгіме, бір сөзбен артық қажет емес ақпарттар легі, пайдасы аз дүниелер санасын улап жатыр. Ең бастысы, адамдардың бір-бірімен шүйіркелесіп әңгімелесуіне үлкен кері әсерін тигізуде. Баласына ақыл айтуға уақыт таппаса да, әлеуметтік желіде айтысуға уақыт тауып жүрміз, ештеңе тындыра алмасақ та, үйде жатып алып пікірлер жазып, біреуді қаралай қоюға әуес болып барамыз. Женгетайлықты желіге ауыстырғанымызбен қоймай, махаббат деген ұлықты ойды арзандаттық. Суретін көріп ғашық бола саламыз, кездесе саламыз, үйлене саламыз ажыраса салу да қиын емес бізге. Келіп көңіл сұрап, хал білуге бос жүрсек те уақытымыз жоқ. Қонырау шалып немесе хат жаза саламыз, бөтен біреуге емес, ауылдағы анамызға да солай көңіл бөлеміз. Осы жағдай тасбауырлыққа әкеле жатқандай болып көрінеді, мүмкін тас бауыр болып кеткенде шығармыз? Басқасы басқа өзіме, өз қатарластарыма қатты жаным ашиды, қаншама салиқалы іс тындыратын уақытты желге ұшырамыз. Кітап оқымақ түгілі, кітап оқитындарға күлетін кездеріміз де бар. Құлаққап киіп алып, айналамызға назар аудармаймыз, көз бар болса да ештеңе көрмейміз, жөн сілтеген былай тұрсын, жөн сұраған адмдардың дауысын да естімейміз, құдды жау еліне жансыз болып келгендей. «Компьютерде отырытындарды ертен, кітап оқитындар басқарады» демеп пе еді бір сөзінде елбасы. Иә, ғылыми техниканың дамыған заманында техниканы меңгергенің артықшылық емес, тек сол меңгергенінді пайдалы істерге пайдалан деп, ақылғөйсіп өз ішімнен жариясыз ақыл-кеңес айттым. Бірақ, кімге? Мен негізі телефоным жоқ кезде ондай емес едім ғой? Бір істі бастаймын, бастасам аяқтамай жата кетемін, кейінге қалдыра саламын. Неге дейсіздер ғой, себебі желкеге мінген жалқаулық, әлеуметтік желіде көп жатқанның жемісі. Бүгінгі жазатын мақаламның негізгі өзегі ешкім кері қайтара алмайтын, тәңірдің бізге берген сыйы, құнын көпшілік кеш түсінетін «Уақыт» деген тақырыпқа қалам тартқым келген. Алайда, аздап демалып алғаным жөн болар. Дегенмен, мен ондай емес едім ғой...

Хакім ХАСАМБАЙ,

«Театртану» мамандығының I курс студенті
ө.ғ. докторы Б. Нұрпейіс шеберханасы

Темекі шегу – тексіздік (шылым шегетін студент жігіттің монологы)

Сен, сен қандай күдірет иесісің? Сен басқалар сияқты емессің... Ешқандай айла-шарғысыз, қарусыз-ақ өзіңе ынтықтырып, баурап аласың. Күндіз де, түнде де сені ансаймын. Әлдекімдер сені көргеннен-ақ жиіркенуі мүмкін. Бірақ, сен мен үшін тылсым бір күш іспеттессің. Сен қасымнан табылмай қалсаң, сені аласұрып іздеймін. Сені өбкенде қандай сезімге бөлжетінімді білсең ғой. Өзіңе қолым жеткенде... бар қайғымды ұмытып, басқа бір өлемге еніп кеткендей боламын. Сенің иісіңе өлемдегі ең тандаулы әтірлердің иісі тең келмейді. Себебі, сен – менің қаныма еніп, бар күш-жігерімді өзіңе бағындырып алған – темекісің.

Мен сен туралы көп нәрсе білемін. Ішкен асымды қорытуды, тыныс алу жолдарымды тежейтіндігіңнен де хабардармын. Ұйқымды бұзып, теріме әжім түсіріп, көңілсіздікке ұшыратының аздай, жүрек ауруларына, көмекей және өкпе обырына әкелесің, ғұмыр жасымды азайтасың. Соншалықты зияндарынды біле тұра, сені неге шегетінім қызық шығар, ие? Онымды өзім де түсінбеймін. Кейде, дүкенге сені сатып алу үшін кіргенде, қорабыңның сыртындағы суреттерді көргенде, дөжем тітіркеніп, бір сәтке ойланып қалатыным да рас. Бірақ, санамдағы ол ойды саған деген құштарлық жеңіп кетеді. Қояйын-ақ деймін, алайда жанымдағы достарым шегіп тұрғанда, әсіресе, шылым шегуге бөлінген орынның қасынан өткенде, иісіңді сезіп, қалай тұтатып қойғанымды байқамай қаламын. Соныңмен, сен күдіреттісің...

Оқу ордамызда шылым шегуге арналған орын бар. Қай жерде дейсің ғой? Тура асхананың қасында. Тамақтанғасын жедел сатының көмегімен сабаққа бара жатқанда, міндетті түрде көзіңе түседі, иісі мұрынды жарады. Ол иісті сезгеннен-ақ мұрындарын жауып, осы ортадан кетуге асығатындар да бар. Алайда, бұл орта мен үшін өте жылы өрі жайлы. Бұл орынның басқа жерлерден артықшылығы – аудиторияда отырғанда бағыт сілтеуші-профессор мен ізденуші-студент болып отырған біздер тең дәрежедегі адамдар боламыз. Бастапқы кезде кішкене қымсынатынымын да. Кейін үйреніп кеттім. Кейде, дәлізде көргенде сұлулығымен баурап алған қыздармен танысуға батылым жетпей қалып жататыны да жасырын емес. Дегенмен, сол қыздарды осы орыннан көргенде еркін таныса аламын. Өкінішке орай, сол қыздарды аталған орыннан көргенде сезімім қалай суып кеткенін байқамай да қалатын болыппын. «Неге?» деген сұрақ біраз уақыт жанымға маза бермей қойғаны рас. Ұзақ уақыт өткен соң, мен көкейімдегі бұл сұраққа жауап таптым. Қыз – нәзік жаратылыс. Оның үстінен гүлдің иісі немесе басқа да бір әтірдің иісі аңқуы керек. Шылымның иісі емес! Қыздар да соны ұқса, түсінсе екен. Олар келешек ұрпаққа өмір сыйлайтын, бір үйдің түтінін түтететін аяулы жар, ардақты аналар емес пе?!

Менің достарымның арасында, сенің атыңды естігеннен-ақ тітіркенетін жандар бар. Олардың айтуынша, ұстазыңмен бір жерде шылым шегу – жиіркенішті жағдай. Және де еліміздің ертеңі үшін мен шылымнан бас тартуым керек екен. Мен оны түсінемін, ұғамын. Бәлкім, сенен біржолата бас тартып, қоғамымыз сендей қауіпті дерттен айығар күн келер. Сол күн келсе, мені де темекіден бас тартқан екен деп топшылаңдар. Бірақ, ол күнді көп күтетін түрім бар...

Қымбат ЕЛУБАЕВА,
«Театртану» мамандығының 1 курс студенті
ө.ғ. докторы Б. Нүрпейіс шеберханасы

Елорданың «Жастар» сарайында көктемнің алғашқы күнінен Астана қаласының Жастар саясаты мәселелері басқармасының бастамасымен Астана қаласының Жастар саясатын қолдау қоры ұйымдастырған дәстүрлі «Жастар жалыны - 2015» фестивалінің гала-концерті өтті.

